

«2022 – 2026 жылдарға арналған ӨАДБ және
«2022 – 2024 жылдарға арналған РБ туралы» және
«Ұлттық қордан 2022 – 2024 жылдарға арналған
кепілдендірілген трансферт туралы» ҚР заңдарының жобалары
және «Ұлттық қордан 2022 – 2024 жылдарға арналған
нысаналы трансферт бөлу туралы» ҚР Президенті
Жарлығының жобасы туралы» ҚР Үкіметінің отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасының баяндамасы
Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 24 тамыз

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Сыртқы жағдайлардың **жақсаруы, қолданыстағы
фискалдық ынталандыру** және өткен жылдың **төмен
базасы** аясында ұлттық экономиканы **қалпына келтіру**
жалғасуда.

Әлемдік экономиканың бұдан былайғы даму қарқыны
коронавирустың **дельта штаммының** таралу тәуекелдеріне
және дамушы елдердегі **вакцинацияның төмен қарқынына**
байланысты болып отыр.

Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы
бастамаларының арқасында Қазақстан экономикасы **қалпына
келуін жалғастыруда** және биылғы жылдың 7 айында
2,7%-ке өсті. Осы жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк
ішкі жалпы өнімнің **3,7%-ке** өсуімен **дағдарысқа дейінгі
деңгейге** қайта оралуды күтуде.

Үкімет пен Ұлттық Банктің **макроэкономикалық
тұрақтылықты** қамтамасыз ету жөніндегі **бірлескен
шараларын** іске асыру Қазақстан экономикасындағы **оң
өзгерістерге** қол жеткізуге мүмкіндік берді, оны халықаралық
рейтингтік агенттіктер растап отыр. Қазақстанның тәуелсіз

рейтингі **Moody's** агенттігі тарапынан **2006 жылдан бастап алғаш рет «Baa2»** деңгейіне дейін **көтерілді** (144 елдің ішінен 4 басқа елмен қатар), сондай-ақ **Fitch** агенттігі тарапынан **«BBB»** деңгейінде **расталды**, екі жағдайда да **тұрақты болжамға** ие болды.

Жоғарыда айтылғандар негізінде Ұлттық Банк Өлеуметтік-экономикалық дамудың **2022-2026** жылдарға арналған болжамы үшін **негізгі ақша-кредит саясаты** және **төлем балансы** көрсеткіштерінің болжамын жаңартты.

1. Инфляция болжамы

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша **жоғары сыртқы инфляциялық аясын ескере отырып, ұсыныс** жағынан сақталып отырған ішкі **теңгерімсіздіктер**, сондай-ақ жалғасқан **фискалдық ынталандыру** шаралары шеңберінде инфляция **2021 жылдың соңына таман 6-7% дәлізінде** күтіледі. Биылғы жылғы қыркүйекте ұсынылатын кезекті болжамды раундтың қорытындысы бойынша инфляцияны бағалау **нақтыланатын** болады.

Мемлекет басшысының шілдедегі тапсырмасына сәйкес Үкіметпен бірлесіп **инфляцияға қарсы ден қою шараларының топтамасын** іске асыру жұмысы белсенді түрде жүргізілуде. Жоғарыда көрсетілген шараларды табысты іске асыру Өлеуметтік-экономикалық дамудың **2022-2026** жылдарға арналған болжамына сәйкес инфляцияны **2022 жылы 4-6%-ке** дейін, **2023-2024** жылдары **4-5%-ке** дейін, **2025-2026** жылдары **3-4%-ке** дейін төмендетудің **қажетті шарты**

болып табылады. Бұл таргеттер Ақша-кредит саясатының 2030 жылға дейінгі стратегиясына сәйкес келеді.

2. Төлем балансы

Қазақстанның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының мақсаттарына сәйкес **шикізатқа жатпайтын экспортты ұлғайту** және **импортқа тәуелділікті төмендету** болжамды кезең ішінде төлем балансының ағымдағы шотының тапшылығын қысқартуға және **2026 жылы** ішкі жалпы өнімге **(+)1,9%-ке** дейін **профицит** аймағына ауысуға *(2022 жылы ішкі жалпы өнімге (-)1,2%-ке, 2023 жылы - (+)0,3%-ке, 2024 жылы - (+)1,8%-ке, 2025 жылы - (+)2,0%-ке)* ықпал ететін болады.

Тауарлар экспортының 2026 жылы 80 млрд. АҚШ долларына дейін кезең-кезеңмен өсуі күтілуде. **Мұнай экспортының** өсуі 2023 жылдың ортасынан бастап мұнай өндіру көлемінің ұлғаюымен қамтамасыз етілетін болады. Әлемдік сұраныстың біртіндеп қалпына келуі, металл бағасының болжамды өсуі және **шикізатқа жатпайтын экспортты ұлғайту** салдарынан **мұнайға жатпайтын экспорт** өседі.

Тауарлар импорты халық пен бизнестің **төлем жасауға қабілетті сұранысының өсуіне**, сондай-ақ **ірі инвестициялық жобаларды** іске асыруға байланысты қалыпты деңгейді ұстап отырады. Үкімет, Ұлттық Банк және Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған **үшжақты Келісім** шеңберінде іске асырылатын импортқа тәуелділікті азайту жөніндегі

шаралар **2026 жылы импорттың 43,4 млрд. АҚШ долларына** дейін **қалыпты өсуіне** ықпал ететін болады.

3. Ұлттық қор және бюджетке трансферттер

Ұлттық Банкпен бұрын келісілген тәсілге сәйкес Ұлттық қордан алынатын **кепілдендірілген трансферттер 2022 жылы берілетін 2,4 трлн. теңгеден 2024 жылы 2 трлн. теңгеге дейін қысқарады.**

Ұлттық қордың қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына сәйкес экономиканың құлдырауы кезеңінде дағдарысқа қарсы бағдарламаларды, әлеуметтік маңызы бар жобаларды, стратегиялық маңызды инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың балама көздері болмаған кезде оларды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы **Президентінің шешімі бойынша ғана** Ұлттық қордан **нысаналы трансферттер** бөлінеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ұлттық Банкке Ұлттық қордың активтерін **сақтау және көбейту** қосымша міндеттелді.

Жоғарыда айтылғандар негізінде **2022-2024** жылдарға арналған **нысаналы трансферттердің көлемін** Мемлекет басшысымен келісу қажет. Нысаналы трансферттер есебінен ұсынылатын **шығыстардың жекелеген баптары** осыдан бұрын 2020-2021 жылдары **қаржыландырылғанына** және ағымдағы сипатқа ие екеніне назар аудартқым келеді.

Назарларыңызға рақмет!